



Тақырыбы:

“Етістіктің шақтарын қайталау”

Мақсаты:

Түзете-оқыту: Етістіктің шақтарын қайталау, оқушы дүниетанымын, ой-өрісін дамыту, өзін дамытуға ықпал жасау, жеке тұлғалық қасиеттерді жетілдіру.

Түзете- дамыту: Сауаттылыққа, тұлға ретінде қалыптастыру, топтың бір-бірімен жақындай түсуі және жеке тұлғаның жағымды қарым-қатынасын орнату.

Түзете-тәрбиелеу: Туған елге, мәдениетке, өнерге деген сүйіспеншілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Бекіту сабақ

Әдіс – тәсілдері: Ұлттық ойын элементтері, жұптық жұмыс, деңгейлік тапсырмалар, семантикалық кесте, даралап-саралап оқыту.

Көрнекіліктер: Брайльша жазылған үлестірімелер, үлкейткіш құрал, интерактивті тақта, тапсырмалар жазылған үлестірімелер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

II. Ұй тапсырмасы: е, ет, де көмекші етістіктері тіркескен осы шақтық, келер шақтық, өткен шақтық етістік ойлап жазып келу.

"Аударыспақ" ұлттық ойын элементі арқылы тексеріледі.

Ережесі: кім көп сөз жазады және басқалардікін қайталамайды, сол жеңімпаз болады. Егер де бірінің сөзін екіншісі қайталап қойса, ол оқушы аттан аударылып, ойыннан шығып қалады.

“Аударыспақ”



III. Деңгейлік тапсырмалар.

"Атжарыс" ұлттық ойын элементі арқылы өтеді.

Ережесі: үш деңгейдегі тапсырманы бірінші әрі дұрыс орындаған оқушы аламан бәйгеден бірінші болып келеді.



I деңгейдің тапсырмасы:

семантикалық кесте толтыру.

Мысал- дар	Нақ осы шақ	Ауыспа- лы осы шақ	Болжал- ды келер шақ	Мақсат- ты келер шақ	Жедел өткен шақ	Бұрын- ғы өткен шақ	Ауыспа- лы өткен шақ
Келді							
Күлмес							
Айтады							
Жазып- ты							
Соқпас							
Көретін							
Өтерміз							

II деңгейдің тапсырмасы: берілген өлеңнен етістіктерді теріп жаз, шақтарын айыр.

*Адам ата-анадан туғанда есті
болмайды, естіп, көріп, ұстап, татып
ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды
таниды -дағы...*

(Он тоғызыншы сөзі)

III деңгейдің тапсырмасы: өлең жолдарына морфологиялық талдау жаса.

**Жасымда ғылым бар деп
ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім,
Ер жеткен соң түспеді уысыма, -
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.**

"Жасымда ғылым бар деп ескермедім" Абай



V. Бекіту: топтық жұмыс.

*"Арқан тарту" ұлттық ойын
элементі арқылы өтеді.*

Ережесі: оқушылар екі топқа бөліп,
етістіктің шақтары бойынша екі топ бір-
біріне сұрақтар қояды. Сұрақтарға ең көп
дұрыс жауап берген топ жеңіске жетеді.

Арқан тарту



VI. Қорытынды. Мақал-мәтел сайысы.

"Теңге ілу" ұлттық ойын элементі арқылы қорытындыланады.


Ережесі: мақал-мәтел айтып, оның етістіктерін анықтайды. Әр айтқан мақалының етістіктерінің шақтарын дұрыс тапса, теңге алады. Ең көп теңге жинаған оқушы теңге ілудің үздігі аталады.

Теңге ілу





Үйге тапсырма:
99 беттегі шығармашылық
деңгей тапсырмасы.
Бағалау.



**«Қыран түлегіне -
қайырылмас қанат
сыйлайды,
ұстаз түлегіне –
алға
бастар талап
сыйлайды»**